

**Айткулова Аяулы Мухаметкалиқызының 6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ірі қара бруцеллезіне қарсы *B.abortus* 19 штаммы вакцинасын конъюктиваға егу тәсілінің иммунологиялық тиімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

## **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПКІРІ**

**- орындалған жұмыстың өзектілігін, оның көзіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу**

Жануарлар бруцеллезі одан сауықтыру жөніндегі қол жеткен біршама жетістіктерге қарамастан кейбір ТМД елдерінде, оның ішінде ҚР әлі де өте маңызды эпизоотологиялық және эпидемиологиялық мәселелердің бірі болып қалуда. Бруцеллезben жануарлармен қатар, адамдар да ауыратын болғандықтан, ол үлкен әлеуметтік мәселе болып табылады.

Қазіргі уақытты ҚР мал шаруашылығы негізінен жеке, фермерлік, кооперативтік шаруашылықтар негізінде дамуда, ал мұндай құрылымдар мал шаруашылығының технологиясының өзгеруіне әкелді, осыған байланысты бруцеллезге қарсы жүргізілетін іс-шаралар сипаты мен мазмұнын да қайта қарастыру қажеттігі туындалады.

Осы айтылғандарға байланысты республика облыстарының мал шаруашылығында бруцеллезден қазіргі қалыптасқан эпизоотиялық жағдайға мониторинг жасап, бруцеллез таралуының негізгі себептерін анықтау және аурудың алдын алу жөніндегі шаралар қолдану өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Бруцеллезben күрес шараларының негізгі тәсілдері: бруцеллезге шалдықсан мал табынын түгелдей етке тапсырып жіберу; ауру малдарды етке тапсырып, қалғандарын бруцеллезге қарсы вакцинамен иммундеу; ауру анықталған мал табынындағы жануарларды жүйелі түрде серологиялық әдістермен зерттеп, он нәтиже бергендерін етке тапсыру арқылы сауықтыру.

Осылардың ішіндегі, бруцеллездің алдын алудың негізгі және тиімді тәсілі, жануарларды алдын ала иммундеу болып есептелінеді.

Сондықтан да, бұл жұмыстың басты мақсаттарының бірі ретінде, ҚР жануарлар арасындағы бруцеллез ауруының алдын алу үшін *B.abortus* 19 штаммы вакцинасын ірі қара мал конъюнктивасына егуге арналған вакцинаның иммунологиялық тиімділігін анықтау қойылды.

**- докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу**

диссертациялық жұмысты орындау барысында бруцеллезге диагноз қою үшін бактериологиялық және серологиялық зерттеулер ҚР АШМ бекіткен «Жануарлар бруцеллезін балау туралы нұсқау», бруцеллалардың биологиялық қасиеттері Халықаралық сарапшылар комитетінің АБФ/БДҰ ұсынылып бекітілген әдістері пайдаланылды.

Жануарлар бруцеллезінің ел аумағында таралуын, бруцеллезден қолайсыз пункттер саны мен динамикасын көп жылдық көрсеткіштерді сараптап, алынған нәтижелерді логикалық талдауды қарастыратын арнайы

індеттанулық тәсілдер қолданылды. Бруцеллезді балаудағы заманауи әдіс, ПТР ВРУ-КОМ тест жүйесі, AMOS жинағын пайдаланып, мультиплексті ПТР және капиллярлық электрофорез (СЕ) шағын модификациялары бар алгоритмді қолдану арқылы орындалды.

Сондықтан да, көрсетілген әдістемелерді қолдана отырып алынған диссертация орындау барысында алынған негізгі тұжырымдар нақты және шынайы болып есептелінеді.

**- докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі**

Айткулова А.М. диссертациясында соңғы жылдардағы КР жануарлардың бруцеллезі жөнінен эпизоотологиялық ахуал анықталып, бруцеллезге қарсы жүргізілген спецификалық шаралар тиімділігі сарапталынды. Қазақстанда аумағында жануарлар бруцеллезіне індеттанулық мониторинг жүргізгенде індеп процессінің экстенсивті (сапалық) көрсеткіштерін анықтау маңызды екендігі дәлелденді.

Соңғы жылдардағы республикадағы аумағындағы жануарлардың бруцеллезге шалдығу деңгейі анықталынды. Бұл мәліметтер КР-дағы бруцеллез эпизоотологиясында ІКМ мен ҰММ басты рөл атқаратынын дәлелдеді. Қазақстан Республикасының аумағын жануарлардың бруцеллезге шалдығу деңгейі бойынша жасалынған індеттанулық карталары бруцеллездің таралу аумағын және оның кеңею ықтимал тәуекелдерін визуализациялауға мүмкіндік береді.

Бруцеллезден таза аудандарда індеп көзін бақылау мақсатында бруцелла штаммдарын сәйкестендіру үшін тандемді қайталаудың ауыспалы санының (MLVA-16) мультилокустық талдауын пайдалану ұсынылды. Бруцеллалардың генетикалық әртүрлілігін зерттеу бруцеллездің өршуін қадағалау немесе Қазақстанның эндемиялық емес аудандарында адам мен жануарлардың індеп жүктыру көздерін қадағалау үшін қажет.

Бруцеллезге қарсы *B.abortus* 19 штамынан конъюнктивада егуге арналған вакцинаның иммунологиялық тиімділігі (поствакциналдық антидене динамикасы, иммуногенділігі т.с.с) анықталынды, шаруашылықтарда бруцеллез індептінің алдын алу үшін *B.abortus* 19 вакцинасын пайдаланудың онтайлы әдісі ұсынылды.

Жануарлар бруцеллезі кезіндегі эпизоотиялық процестің КР аумақтық бірліктері бойынша таралуы және олардың бруцеллезбен залалдану деңгейі анықтайдын экстенсивті көрсеткіштерін ветеринариялық мамандар бруцеллезге қарсы іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде пайдалана алады.

**диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастыры**

Диссертация материалдары 107 компьютерлік бетте басылып, оған: нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, әдебиеттерге шолу, өзіндік зерттеулер, зерттеу нәтижелерін талқылау, қорытынды, тәжірибелік ұсыныстар, қолданылған әдебиеттер тізімі енгізілді.

Жұмыс 28 кестемен, 12 суретпен безендірілді. Қолданылған отандық және шетелдік әдебиеттер саны 132.

Диссертацияның құрылымы айқын және жақсы ойластырылған, зерттелетін тақырыптар бойынша жаңашылдығымен, практикалық және

теориялық маңыздылығымен жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Автор тақырыптың негізгі аспектілерін мақсаттар мен міндеттер шеңберіне аударады. Автордың зерттеліп отырған тақырып аясында кең ауқымды мәселелерді қарастыруға деген ұмтылышы байқалады.

Диссертацияны талдау кезінде автор шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми әдебиеттеріне шолу жасайды. Автор тұжырымдайтын теориялық ұстанымдар, ғылыми тұжырымдар бруцеллезге қарсы арнайы шараларды жетілдірудің теориялық негізdemесі ретінде пайдаланылуы мүмкін, сонымен қатар осы салада одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз бола алады. Диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялау үшін 8 ғылыми мақалалар, соның ішінде Қазақстан Республикасының ФЖБМ бекіткен арнайы журналдарда -3, Scopus басылымдарында ұсынылған журналда -1 және түрлі Халықаралық ғылыми конференцияларда 4 мақала жарияланды.

#### **- докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі**

2018 ж. бастап 2020ж. дейін Айткулова Аяулы Мухаметкалиқызы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ветеринария факультеті биологиялық қауіпсіздік кафедрасының докторанты болды. PhD докторантурада оқу барысында Айткулова А.М. таңдаған зерттеу тақырыбына қызығушылық, ғылыми жұмыста еңбексүйгіштік және дербестік танытты. Диссертация тақырыбы ретінде «Ірі қара бруцеллезіне қарсы *B.abortus* 19 штаммы вакцинасын конъюктиваға егу тәсілінің иммунологиялық тиімділігі» бойынша зерттеуді таңдап алды. Арнайы әдебиеттер көзін және патентерді іздестіріп, талдау жасады, індектанулық деректерді жинап зерделеді. *B.abortus* 19 штамынан конъюнктиваға егуге арналған вакцинаның тиімділігін анықтау бойынша сынаптар жүргізді және практикаға осы мәселе бойынша тиісті ұсыныстар өзірледі.

Диссертациялық көлемі жеткілікті дәрежеде баяндалған, талаптарға сай рәсімделген ғылыми жұмыс болып табылады.

#### **- докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі**

Диссертацияның құрылымы айқын және жақсы ойластырылған, зерттелетін тақырыптар бойынша жаңашылдығымен, практикалық және теориялық маңыздылығымен ерекшеленеді. Автор тақырыптың негізгі аспектілерін мақсаттар мен міндеттер шеңберіне аударады. Автордың зерттеліп отырған тақырып аясында кең ауқымды мәселелерді қарастыруға деген ұмтылышы байқалады.

Диссертацияны талдау кезінде автор шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми әдебиеттеріне шолу жасады. Автор тұжырымдайтын теориялық ұстанымдар, ғылыми тұжырымдар бруцеллезге қарсы арнайы шараларды жетілдірудің теориялық негізdemесі ретінде пайдаланылуы мүмкін, сонымен қатар осы салада одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз бола алады. Диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялау үшін 8 ғылыми мақалалар, соның ішінде Қазақстан Республикасының ФЖБМ бекіткен арнайы журналдарда -3, Scopus басылымдарында ұсынылған

журналда -1 және түрлі Халықаралық ғылыми конференцияларда 4 мақала жарияланды.

Ғылыми әдістемелерді өздігімен меңгеріп, оны жұмыс барысында пайдалана білді. осы салада ғылыми зерттеулер жүргізу және оның нәтижелерін зерделеуде үлкен тәжірибе алды.

**- Қорытынды**

6D120100 – «Ветеринариялық медицина» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ірі қара бруцеллезінे қарсы B.abortus 19 штаммы вакцинасын конъюктиваға егу тәсілінің иммунологиялық тиімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс, диссертация үшін белгіленген талаптарға сәйкес келеді және ҚазҰАЗУ-нің диссертациялық кеңесінде қорғауга ұсынылады, ал оның авторы Айткулова Аяулы Мухаметкалиқызы «Ветеринариялық медицина» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесшісі:**

ҚазҰАЗУ биологиялық қауіпсіздігі кафедрасының профессоры, в.ғ.к., доцент



Омарбекова У.Ж.

Профessor Омарбекова У.Ж. қойған қолын растаймын:  
Бас ғылыми хатшы

Керимова У.К.

